# Қаржылық жоспар

Тексерген: Темірбек Е.Б.
Орындағандар:

Қомшабай А.С.
Дүйсенбаева А.А.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың түсініктемесін бермес бұрын, қаржының не екеніне тоқталып кеткеніміз жөн. Қаржы деп мемлекеттің функциялары мен міндеттерін орындау және ұлғаймалы өндірістің жағдайын қамтамасыз ету мақсатында орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдаланумен байланысты болатын экономикалық қатынастарды айтады.

- Қаржылық жоспарлау - бұл қаржылық механизмнің қосалқы жүйесі, саналыбасқарудың аса маңызды элементтерінің бірі және әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың құрамды бөлігі.






- Қаржылық жоспарлаудың өзіндік ерекшелігі сол, бұл жоспарлау өндірістің материалдық-заттай элементтеріне ақшамен қауыштырылған бөлудің қоғамдық ұдайы өндіріске белсенді ықпал жасауына ақша қозғалысының салыстырмалы дербестігіне байланысты ақшалай нысанда жүзеге асырылады.

Қаржылық жоспарлаудың объекті шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекеттің қаржылық қызметі

Қаржылық жоспарлаудың нақтылы міндеттері қаржылық саясатпен айқындалады. Бұл:

- қаржылық ресурстарды қалыптастыру көздерін және олардың мөлшерін анықтау;

- орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорлар, ұлттық шаруашылықтың салалары және әкімшілік-аумақтық бөлімшелер арасында қаражаттарды бөлудің оңтайлы үйлесімдерін белгілеу;

- ресурстарды пайдаланудың нақтылы бағыттарын анықтау және қажетті резервтержасау.

- Қаржылық жоспарлау көбінесе болжау ретінде жүргізіледі.

- Болжам - арнайы ғылыми зерттелім негізінде болашақта қандайда бір жай-күй туралы ықтималдық жорамалдау. Болжау - қандайда бір құбылыс объекті, үдеріс дамуының нақтылы перспективалары туралы болжам әзірлеу. Қаржыларға қатысты болжаудағы құбылыс дамуы - бұл қаржылық қатынастарды мүмкіндігінше жетілдіру.

- Қаржылық болжау - мемлекеттің мүмкін болатын қаржы жағдайын алдын ала көре білу, қаржы жоспарларының көрсеткіштерін негіздеу (дәлелдеу). Болжамдар орташа мерзімді (5-10 жыл) және ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) болуы мүмкін.



Қаржылық болжаудың мақсаты - болжанған кезеңдегі қаржылық ресурстардың шынайы мүмкін болатынаукымын, оларды қалыптастырудың көздерін және пайдалануды анықтау болып табылады. Болжамдар қаржылық саясатты іске асырудың нысандары мен әдістерін белгілеуге мүмкіндік береді.





Назарларыңызға рахмет!